Астана қ. ПД бастығы
полиция генерал-майоры
М.С. Төлебаевқа

Баянат

Сізге қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ визуалды және тактильді навигацияны қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласы, С. Сейфуллин көшесі, 37-үй мекенжайында орналасқан Астана қаласы Полиция департаментінің әкімшілік ғимараты бойынша «Цифрлық қала моделі» картасына «Сарайшық» ауданының ашылуына байланысты өзгерістер енгізу қажеттілігі, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 15 тамыздағы №321 бұйрығына енгізілген өзгерістерге байланысты 2024–2025 жылдары пайдалануға қабылданған жаңа ғимараттарда, атап айтқанда 15 учаскелік полиция бөлімшесінде (Янушкевич көшесі, 10-үй, н.п. 8; Сұлтан Бейбарыс көшесі, 12-үй, н.п. 2; А108 көшесі, 32-үй, н.п. 1; Ш. Шөкин көшесі, Е20-үй, н.п. 6; Гете көшесі, 3П; Нәжімеденов көшесі, 27-үй, н.п. 5; Төлебаев көшесі, 5-үй, н.п. 5; Мұхамедханов көшесі, 23-үй, н.п. 2; Е-117 көшесі, 33-үй, н.п. 10; Қалдаяқов көшесі, 23/1; Қожаберген жырау көшесі, 9-үй; Қабанбай батыр даңғылы, 117; Е-767 көшесі, 11-үй, н.п. 5; Бұхар жырау көшесі, 32-үй, н.п. 6; Ақан сері көшесі, 18-үй, н.п. 4 өрт болған жағдайда эвакуациялау жоспарларын әзірлеу қажеттілігі туындады.

Бұдан бөлек, 3 ғимаратқа, атап айтқанда: Қабанбай батыр даңғылы, 117-үй мекенжайында орналасқан «Есіл» ауданы полиция бөлімінің жанындағы аудандық полиция бөліміне, Тынышбайұлы көшесі, 8-үй мекенжайында орналасқан «Сарайшық» полиция бөліміне, Қорғалжын тас жолы, 13/2-үй мекенжайында орналасқан «Нұра» ауданы полиция бөлімі ғимаратына «Терроризм тұрғысынан осал объектінің антитеррористік қорғалу паспортын» әзірлеу қажет.

Осыған байланысты конкурсқа арналған техникалық спецификацияда ақпараттық жүйелердің архитектурасын ашатын, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне қатысты IP-мекенжайлар туралы мәліметтермен жұмыс жүргізу көзделген.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 10-бабының 6-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Заң): «Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Заңға сәйкес айқындайды, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілі уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін қоспағанда». Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу бір көзден тікелей шарт жасасу жолымен мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: құндық мәнде біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда - біртекті

тауарларды сатып алу; құндық мәнде біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда – біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу көзделген.

«Өркениет» ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, аталған жағдайдың ерекше сипатына байланысты, **шартты бір көзден тікелей жасасу тәсілімен жасасуға рұқсат беруіңізді сұраймын**.

Астана қаласы ПД ТҚЕБ бастығы
полиция полковнигі **С.Е. Шоқытаев**

«Келісілді»
Астана қ. ДП бастығының орынбасары
полиция полковнигі **Е.Б. Әділбеков**

Орын.: А.А. Қадыров
Тел: 71-62-40
+778 3976310